ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ
МӘСЛИХАТЫ

МАСЛИХАТ
ЖАНАКОРГАНСКОГО РАЙОНА
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ШЕШІМ

«07» 10 2026 ж./г.

Жаңақорған кенті

РЕШЕНИЕ

№ 588

поселок Жанакорган

2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі аудандық жоспардың орындалу барысы туралы

«Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабына сәйкес Жаңақорған ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудан әкімдігінің жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспардың іске асырылу туралы есебі қаперге алынсын.

2. Аудан мәслихатының 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі аудандық жоспарды іске асыру барысы туралы анықтамасы қаперге алынсын.

3. Аудан әкімдігіне осы шешімге қоса берілген анықтамада көрсетілген ұсыныстарға сәйкес қабылданған іс-шаралар туралы ақпаратты ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін аудан мәслихатына жолдау ұсынылсын.

4. Осы шешім қабылданған кезден бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданы мәслихаты
төрағасының міндетін уақытша атқарушы **Ж.Амалбеков**

000968

2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі аудандық жоспардың іске асырылу қорытындылары бойынша анықтама

Ауданда соңғы уақытта өндірілетін өнімнің негізгі бөлігін тау-кен және химиялық өнеркәсіптер қамтамасыз еткенімен, Жаңақорған ауданының негізгі саласы ауыл шаруашылығы болып табылады және өңірдің болашағы да, негізгі әлеуеті де осы салада. Осыған орай анықтамада негізгі назар ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану мәселесіне аударылады.

Жалпы, ауыл шаруашылығының кез келген бағытының тиімді дамуы бірқатар факторларға тәуелді. Олардың ішінде – сумен және жем-шөппен жеткілікті қамтамасыз етілуі, білікті мамандардың, қажетті ауыл шаруашылығы техникасының, сапалы тыңайтқыштар мен аудандастырылған тұқымдардың болуы және т.б. Солай бола тұра, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге негізгі өндіріс құралы болып жер табылады.

Мемлекеттік билік құрылымының барлық деңгейінде аграрлық сектор өзгерістерді талап ететіні, салаға заманауи көзқарас, ауыл шаруашылығының дәстүрлі бағыттарына жаңа сорттар мен технологиялар, әртараптандыру және басқа да мәселелер үнемі көтеріліп жатқанымен, айтарлықтай позитивті өзгерістер болып жатқан жоқ. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы жерлердің тозуы күрделі деңгейге жақындады. Соңғы уақытта бұл проблемаларға су тапшылығы қосылды.

Шөлейттену мен жерлердің тозуы әлемнің барлық жерлерінде орын алып жаһандық экологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемасына айналды. Халық санының ұлғаюы, өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығы жерлердің толық игерілуі мен қоршаған ортаға техногендік жүктеменің өсуі аясында жердің тозуы көптеген елдер үшін табысты әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі қатеріне айналды. Ал жеткіліксіз ылғалданумен және топырақ-өсімдік жамылғысының әлсіздігімен сипатталатын біздің аудан үшін жердің тозуы проблемасы әсіресе көкейкесті.

Ауыл шаруашылығы жерлердің тозуы процестерінің туындауына алып келетін негізгі антропогендік факторларға ең алдымен малды жаю, тыңайтқыштарды пайдаланумен байланысты егін шаруашылығы жерлердің және жер асты суларының улы заттармен ластануы, ауыспалы егіс пен жайылым аналымының сақталмауы, мелиорациялық және ауыл шаруашылығы жерлерін қалпына келтіру бойынша жұмыстардың атқарылмауы немесе тиісті деңгейде атқарылмауы, топырақтың сортаңдануы және қарашірінсізденуі жатады.

Ауыл шаруашылығы жерлерін сумен қамтамасыз ету мәселелері

Өңірде өсімдік шаруашылығы өнімдерін өнеркәсіптік көлемде өндіру үшін қажетті суармалы жерлерді кеңейту барысында ауқымды алқаптар тартылып, оларды сумен қамтамасыз ету мақсатында Сырдария өзенінің су көлемі бастапқы кезде өзендегі су көлемі жеткілікті болса, бірте-бірте су тапшылығы проблемасы алдыңғы қатарға шығуда. Соңғы су тапшылығының кезеңі 2019 жылдан басталып, бүгінгі таңға дейін жалғасуда.

Сырдария өзенінде су деңгейінің төмендеуі нәтижесінде өзеннің көктемгі жайылуы қысқарды, көптеген көлдер құрғап қалды, құмды шөлдердің шекарасы кеңейді. Судың жетіспеушілігі салдарынан ауыл шаруашылығы жерлері

айналымнан шығуда. Жайылымдардың өнімділігі азайды. Көлдер мен басқа да су қоймаларының құрғап қалуы кезіндегі топырақтың сортаңдануы да орын алуда. Суландырудың азаюы грунт суларының төмен түсуіне, топырақ құраудың гидрологиялық режимінің өзгеруіне, топырақтың құрғауына және шөлейттенуіне алып келеді.

Су тапшылығы проблемасының күрделенуіне байланысты күріш егілетін алқаптадың көлемі азаюда. Бұл жағдай ауданда күріш өндірісімен айналысатын шаруалардың жер учаскелерін тиісті деңгейде күтіп-ұстауы және экологоиялық жағдайға алып келуі мүмкіндіктері ұлғайтыны сөзсіз.

Сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымының жағдайы

Аудандағы су жинағыш құрылыстар, магистральды шаруашылық аралық каналдар мен коллекторлы-кәріздеу желісіндегі гидротехникалық құрылыстар физикалық және моралдық тұрғыда ескірген. Соңғы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде атқарылып жатқан іс-шаралар нәтижесінде сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымында оң өзгерістер байқалады. Дегенмен, суару арналары мен коллекторлық желілердің техникалық жай-күйі және олардың пайдалы әрекет ету коэффициенті төмен.

Қолданыстағы технология мәселелері

Қазіргі кезде өсімдік шаруашылығында қолданылып жатқан технологиялар гидромелиоративтік жүйелердің тозуын және жұтаңдау мен тұнбалану процестерін жеделдетеді. Зор сүзгі шығындары мен суғарудың үнемсіз нормалары қайталама тұзданудың, батпақтанудың және су эрозиясының негізгі себебіне айналды.

Ауданда дақылдар өсірудің ғылыми негізделген ылғал, ресурс үнемдейтін технологияларға көшу, ауыл шаруашылығы бағытындағы жерді ұтымды пайдалану мәселелеріне тиісті назар аударылмауда.

Агрохимия мәселелері

Ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын арттыру үшін топыраққа химиялық әсер ету амалдарының бірі - минералды тыңайтқыштар енгізудің тиімділігін арттыру. Жер өз құнарлылығын ұзақ сақтауы үшін минералды тыңайтқыштарды теңгерімді пайдалану қажет. Сонымен бірге, тыңайтқыштардың сапасына және тыңайтқыштардың өзге түрлерімен бір кешенде пайдалану жағдайына, оның көзделген мақсаттарға сәйкес болуына назар аудару қажет.

Мал шаруашылығы жерлері

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, соңғы жылдардың ішінде аудан бойынша ірі қара малдың басы ұлғайған. Ауыл шаруашылығы жануарларының басым бөлігі жеке қосалқы шаруашылықтарының үлесінде болуы, бір жағынан, аудан халқының әл-ауқатының өскенін көрсетеді, екінші жағынан, жайылымдық жерлердің тапшылығы мен малды жем-шөппен қамтамасыз ету проблемаларын одан әрі күрделендіреді.

Азын-аулақ малы бар аудан тұрғындары оларды қораларда күтіп-ұстайды. Оның өзінде малды бір мезгіл елді мекенге жақын жайылымдарда жаюға тырысады. Жануарлардың басы көп болған жағдайда олар жайылымдарда жыл бойы бағылады. Яғни ауыл шаруашылығы мал басының көбеюі жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменінің ұлғаюына апарды.

Ауданда мал азығының негізін табиғи жайылымдар мен шабындар, жоңышқа алқаптары құрайды.

Құрама жем өнеркәсібінің өнімдері ауданға сырттан әкелінеді. Сапалы әрі орнықты жем базасының жоқтығы мал шаруашылығы дамуының негізгі тежеуші факторінің бірі болуда. Дамып келе жатқан мал шаруашылығының азық қажеттілігін қанағаттандыру үшін жем өндірісін индустриялы негізге көшіру арқылы және азық дақылдарының түсімділігін арттыра отырып азық өндірісін қалыптастыру қажет.

Экология мәселелері

Жаңақорған ауданы қуаң аймақта орналасқан және жайылымдардың тозуы, егістік эрозиясы, қайталама тұздану процестеріне бейім. Сонымен бірге, Арал өңірінің экологиялық жағдайын оңалтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар аясында қабылданып жатқан шараларға қарамастан, топырақ жамылғысының шөлейттенуі жалғасуда. Топырақ түзудің теңгерімді табиғи процестері бұзылып, топырақтың құнарлылығы мен өнімділігі азайған, қоршаған ортаның ластану, топырақ жамылғысының сортаңдану мен азу процестері күшеюде. Ауыл шаруашылығы жерлерін пайдаланушылар тарапынан топырақтың құнарлылығын сақтау және жел мен су эрозиясының алдын алу үшін жүргізілетін іс-шаралар жеткіліксіз.

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар бойынша

Заңның 8 бабымен жергілікті өкілді органның құзырына жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту мен ауданның жергілікті атқарушы органының жоспарды іске асыру қорытындылары туралы жыл сайынғы есебін тыңдау жүктелген.

Жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданатын жоспарда қамтылуы тиіс ережелер Заңның 13 бабымен айқындалған.

Аудан мәслихаты бюджет, экономика, құрылыс, өнеркәсіп, көлік, байланыс, ауыл шаруашылығы, коммуналды шаруашылық, сауда, кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының жұмыс жоспарында ауданда жер ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуының жай-күйі мен жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспардың іске асырылу қорытындылары қаралатыны жоспарланып, ол жөнінде аудан әкімдігіне хаттар тиісті хаттар жолданғанымен, сұранысқа сәйкес ұсынылғын жауап-хаттарда қажетті ақпараттармен толық қамтылмауда.

Жоғарыдағының негізінде аудан әкімдігіне ұсынылады:

1. Ауданның жайылымдық жерлеріне түсетін жүктемелерді азайту және ауданның мал шаруашылығының тиімді дамуына қажетті жем-шөп базасын нығайту (сонымен бірге өсімдік шаруашылығын әртараптандыру) мақсатында:

1) ауданда құрама жем (комбикорм) өндіретін орындарын ашу бағытында шаралар қабылдау;

2) ауданда құрама жем өндіру үшін қажетті дақылдарды өндіру бағытында шаралар қабылдау (шаруашылықтар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу, дақылдардың жаңа сорттарын немесе ауданда дәстүрлі емес дақылдарды енгізу, жаңа дақылдарды өндіруге қажетті техникалармен қамтамасыз ету);

2. Ауданның ауылдық округтерінің шекара сызбаларын бекіту жұмыстарын аяқтау.